

ПРОКУРОРЛАР-МАЙДАНГЕРЛЕР ТАРИХЫ МЕН ЕРЛІКТЕРІ

1941 жылдың маусымында Германия әскері соғыс жарияламастан Кеңес Одағына басып кірді. Осылайша Ұлы Отан соғысы басталды. Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндерден бастап-ақ мыңдаған қазақстандықтар өз еркімен соғысқа аттануға ниеттерін білдіріп, әскери комиссариаттарға өтініштер берді. Олардың ішінде Қазақстан прокуратурасының көптеген қызметкерлері де болды. Айта кететін болсақ, соғыстың алғашқы айларының өзінде Қазақстанда жеті дивизия құрылып, үш бригада жасақталды. Солардың қатарында 316-атқыштар – генерал И.В. Панфилов дивизиясы бар. 1943 жылғы 6 ақпанда Кеңестер Одағының сол кездегі ең беделді газеті «Правда» өзінің бас мақаласында: «... Май-

дандарда қазақтар жақсы соғысуда, олардың әскерлері, шешелері мен әйелдері майдан үшін тылда аянбай еңбек етуде. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, тауарларының барлық қазынасымен майданның қуатты таянышы болуда», деп жазды.

Енді, Ұлы Отан соғысының майдандарында болған және өздері құрбан болғанша ерлік көрсетіп жеңісті жақындатуға үлес қосқан прокурорлар туралы материалдарды ұсынамыз. Соғыста еліміздің прокурорлары Мәскеуді жаудан қорғау үшін болған шайқаста ғана емес, сонымен қатар барлық майдандардағы шайқастарда жауынгерлерге үлгі болатын ерліктері мен даңқты жеңістерін көрсете білді.



НҮРКЕН ӘБДІРОВ (17.05.1919-19.12.1942).

Ол Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында, малшылардың отбасында туылған. 1938 ж. шілдесінде Қарағанды облыстық прокуратурасында қызмет жасап жүріп, әуе клубында ұшқыш мамандығын алған. 1942 ж. Н.Әбдіров 267 әуе дивизиясының 808-ші шабуылшы полк құрамында Сталинград майданына жіберілген. Екі ай уақыт ішінде 16 рет әскери-әуе жорығына араласты, жаудың 12 танкісін, 28 автомашинасын және т.б. техникаларын, 50-ге тарта солдатты мен офицерін жойды. 1942 жылы 19 желтоқсанда Ростов облысында шоғыр-

ланған жау танкілері мен автомашиналарына жасалған шабуылға қатысты. Шабуыл кезінде ол отқа оранған ұшағын бұрып әкеліп, жау танкілерінің шоғырына соқтырады. Н.Әбдіровке осы ерлігі үшін 1943 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазақтың белгі жазушысы С.Бегалин Н.Әбдіровке арнап 1947 жылы. «Қанатты қазақ» атты поэма жазды. Сонымен қатар, Г. Якимов жазған «Мәңгілік өмір шыңына» («Пике в бессмертие») атты деректі кітабы (Алматы, 1966 жыл) бойынша «Қазақтелефильм» студиясында Н.Әбдіров туралы фильм шығарылды.



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ (24.12.1910–10.06.1982).

Даңқты жауынгер, гвардия полковнигі, панфиловшы, жазушы. Кеңес Одағының Батыры (1990), Қазақстанның Халық Қаһарманы (1995). 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастай ауылында қарапайым малшының отбасында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң соғысқа дейін мұғалім, ауатком хатшысы, аудандық прокурор қызметтерін атқарған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-шы атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанады. Батальон, полк коман-

дирі болады. Ол Мәскеуге жау баратын негізгі жолдардың бірін ерлікпен қорғады. Соғыстың соңына таман осы дивизияны өзі басқарады. 1950 жылы Кеңес әскері Бас штабының жанындағы Жоғары әскери академияда сабақ береді. 1956 жылы демалысқа шығып, өмірінің соңына дейін шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол еңбектерін қазақ, орыс тілдерінде жазған. Оның «Артымызда Москва», «Генерал Панфилов», «Ұшқан ұя», «Төлеген Тоқтаров», «Соғыс психологиясы», «Офицер жазбалары», т.б. туындылары бар.



АНАТОЛИЙ КУРОПАТНИК (01.07.1928–09.03.2020).

Украинаның Кировград облысында дүниеге келген. 3 сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, Қазақстан Республикасының құрметті қызметкері, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, сонымен қатар бірнеше рет СССР және Республика прокурорларымен, 2-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. 1944 жылдың қаңтар айында Кировград неміс басқыншыларынан босатылған соң, 16 жасында 5-гвардиялық армияның 26-шы әуе-десанттық атқыштар полкіне қабылданды. Ол Украи-

на, Молдавия, Румыния, Польша және Германия жерлерін жаудан азат етіп, соғысты Чехословакияның астанасы Прагада аяқтады. 1953 жылы прокуратура органына жұмысқа орналасып, ондағы қызметі 40 жылдан астам уақытқа созылған. Донецк қаласы прокурорының көмекшісі қызметінен бастап, 1961 жылы Қазақстанға жұмыс бабымен ауысады, Көкшетау, Целиноград қалаларының прокуроры, Маңғыстау облысы прокурорының орынбасары және Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры қызметтерін атқарған.



НҰРМАХАН СМАҒҰЛОВ (1908-1942).

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында дүниеге келген. 1928-1931 ж. сол уақыттағы Қазақстанның астанасы Орынбор қаласында «Рабфакта» білім алған. 1939 ж. Алматының Сталин атындағы аудан хатшысының ұсынысы бойынша ҚазССР прокуратурасы бөлімінің прокуроры лауазымына тағайындалады. 1939-1942 ж. Республика прокуратурасының бір қатар бөлімдерінде қызметтер атқарған. 1942 жылдың 17 маусымында майданға аттанған. Содан 70 жыл бой, яғни 1942-2012 жылдар аралығында білгісіз кеткен жауынгерлер тізімде болды. 2012 жылы Ресей Феде-

рациясы Қорғаныс министрлігінің «Мемориал» атты Ұлы Отан соғысының мұрағатында жарияланған мәліметтерге сәйкес Н.Смағұлов, Қызыл Армия пулеметшілер ротасының политругі, Смоленск түбіндегі неміс-басқыншыларымен болған шайқаста 1942 жылдың тамызында ерлікпен қаза тапқан. Сол жердегі «Бауырлар» зиратында жерлеген. Н.Смағұловтың Ермахан және Қали атты інілері Ұлы Отан соғысынан қайтып оралмады, сондықтан олардың тағдыры туралы қазіргі кезде ақпарат жоқ. Өкінішке орай осы уақытқа дейін олар «белгісіз кеткен жауынгер» қатарында.



СӘДУАҚАС ҚАРАМАНОВ (14.09.1928-14.12.1997).

Қызылорда облысы Арал ауданында дүниеге келген. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Балтық жанындағы I, II және III майданның құрамында Отан үшін шайқасты. Соғысты атқыш болып бастап, содан соң соғыстың аяғына дейін атқыштар дивизиясының пулеметшілер взводының командирі болды. С.Караманов екі рет 1943 жылы Ленинград және 1944 жылы Псков түбіндегі шайқастарда жарақат алды. Емделіп шыққан соң алдыңғы шептегі өзінің полкіне қайта оралып тұрды. Ол Отан соғысының II дәрежелі орденімен, «За отвагу», Г.Жуков медалдарымен және Ұлы Отан соғысының көптеген мерейтойлық медалдармен ма-

рапатталған. Соғыстан кейін ол Алматы заң институтын бітіріп, қалған өмірін (1949-1995) прокуратураға арнады. Дана халқымыздың «Әке көрген оқ жонар...» дегеніндей, оның ұлы – Серік Сәдуақасұлы Қараманов. Еңбек жолын 1979 жылы Алматы қаласының ауадандық прокуратурасынан бастап, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды және Павлодар облыстарының прокуроры, ҚР Бас прокуратурасының бір қатар департаменттерінің басшысы қызметтерін атқарды. 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі. Қазіргі уақытта прокуратураның құрметті зейнеткері.



ӨТЕГЕН СЕЙІТОВ (15.09.1923-14.12.1997).

Өтеген Сейітов 1923 жылдың 15 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Шалқар ауданының Ақтоғай селосында дүниеге келген. Мемлекеттік және қоғамдық қайраткер, Ұлы Отан соғысының ардагері, 1 дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі. Ол саналы ғұмырын Қазақстан прокуратурасына арнаған заңгер, он сегіз жыл бойы (1966-1984) республикамыздың прокуроры болған. Соғыста үш рет жараланса да, госпитальдан майданға қайта оралып отырған. 1945-1949 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы-

ның Келес, Сарыағаш аудандары прокуратурасының тергеушісі, кейін республика прокуратурасының бөлім прокуроры қызметін атқарады. 1960 жылы Алматы қаласындағы Совет ауданының прокуроры, Алматы облысының прокуроры болып жұмыс істеген. Ө.Сейітов соғыстағы ерлігі мен заңдылықты нығайтудағы үлесі үшін Қызыл Жұлдыз, I-ші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, екі мәрте «Халықтар Достығы» орденімен марапатталды.



ТИМОФЕЙ ТЕРЕЩЕНКО (14.10.1919-22.11.2007).

Украинаның Днепропетровск облысында, дүниеге келген. Қызыл Армия қатарында 1939 жылдан бастап қызмет атқарған, әскери офицер, Ұлы Отан соғысының Солтүстік Батыс – Ленинград майданында атқыштар дивизиясының 403 гаубица-артиллериялық полкінде, танкіге қарсы дивизион командирінің орынбасары лауазымында болған. 1942 жылы кезекті бір қанды шайқаста, ауыр жарақат алып аяғынан айы-

рылған. Ұлы Отан соғысының мүгедегі. 1947 жылы Алматы заң институтын аяқтап, Өскемен қаласы прокурорының көмекшісі қызметінен бастап, Шығыс Қазақстан облыстық прокуратурасында бірқатар басшылық қызметтер атқарған. 1985 жылы зейнетке шыққан. 1 және 2 дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Ту», «Знак Почета» ордендерімен, Г. Жуков медалімен және басқа медалдармен марапатталған.

Осылайша, Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қарулы күштер мен еңбек армиясының қатарында 1,8 млн қазақстандықтар болды, олардың ішінде 441 прокуратура қызметкері бар. Қорытындылай келе айтатын болсақ, осы соғыс май-

дандарында, ресми мәліметтер бойынша 603 мыңдай қазақстандықтар қаза тапты. Сөйтіп, біздің ел Кеңестер Одағының маңызды әскери және экономикалық тіректерінің бірі болды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлермен қатар, про-

курор-жауынгерлердің ерекше ерліктері де тәуелсіз Қазақстанның жас буынына өнеге және оларды отансүйгіштікке шақыратын, тәрбиелік маңызы зор тарих беттері болып қала беретіндеріне сенімдіміз.

Пайдаланылған ақпарат көздері:

1. Б.Д. Жұмақаева «Қазақстан тарихы», «Эвро» ЖШС 2011ж.
2. <http://kladovkaon.ru/viewtopic.php?id=11958>.
3. inform.kz https://www.inform.kz/ru/ternistyyput-veterana-anatoliya.kuropyatnika-ot-synapolka-do-prokurora-oblasti_a2772943. <https://go.mail.Ru> search_images 2913189237071259362.

4. <https://www.aqtobegazeti.kz/?p=23617>.
5. <https://centrasia.org/person2.php?st=1459181839>.
6. https://www.inform.kz/kz/pavlodar-oblysynazhana-prokuror_tagayyndaldy_a2913143.
7. <http://oskemen.info/photo-id-2763.html>.
8. <http://www.kostanaytany.kz>

*Талдықбай Есмаханов,
Академия бөлімнің аға прокуроры
аға әділет кеңесшісі,
PhD докторы*